Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы
білім бөлімінің «Балалар көркемсурет мектебі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Бұйрық №006-н/қ

«17» наурыз 2026 жыл Қарауыл ауылы

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңы 16 бап, 3-тарм., 28-тармақша, "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506-509-тармақтарына сәйкес:

ТРУ сатып алу қажеттілігіне байланысты БҰЙЫРАМЫН:

1. Бір көзден тауарлар мен қызметтерді сатып алу.
2. Сатып алуды келесідей негіздеңіз:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңы 16 бап, 3-тарм., 28-тармақшасы:

3.Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

28) егер осындай ұқсас тауарлардың жылдық көлемі құндық мәнде айлық есептік көрсеткіштен, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер осындай ұқсас жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ұқсас тауарларды сатып алу, ал аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттары үшін – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

"Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы No 687 бұйрығы:

506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесі бар тапсырыс берушінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндеттерін атқаратын тұлға не тапсырыс беруші кеңсесінің басшысы не кеңсе басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

508. Шарт тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.